

Доңғалақты тракторларды құрастыру жөніндегі бірлескен өндірісті құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 ақпан N 302

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Беларусь Республикасының Президенті А.Г.Лукашенконың 1999 жылғы 3-4 қарашадағы Қазақстан Республикасына ресми сапарының қорытындылары бойынша берілген "Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамының базасында "Минск трактор заводы" өндірістік бірлестігімен бірлескен МТЗ-80/82 тұрпатты доңғалақты тракторларды құрастыру жөніндегі өндірісті құру туралы тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамында "Беларус" тракторларын сату және құрастыру жөніндегі жұмыстың бағдарламасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі: "Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамына "Минск трактор заводы" өндірістік бірлестігімен Лицензиялық келісім мен Лицензиялық шарт жасасу кезінде қажетті жәрдем көрсетсін;

"Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамында доңғалақты тракторларды құрастыру процесін ұйымдастыруға бақылауды жүзеге асырсын; республикада делдалдық желіні ұйымдастыру және МТЗ-80/82 тұрпатты тракторларға сервистік қызмет көрсету орталықтарын құру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, қоса беріліп отырған 2001-2002 жылдары тракторлар сатып алу және құрастыру жөніндегі бағдарламаны қаржыландырудың тетігін пысықтасын және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп осы қаулының 3-тармағына сәйкес доңғалақты тракторларды сатып алу мен құрастыруды қаржыландырудың тетігі негізінде, "Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамының делдалдық желісі арқылы сатылатын доңғалақты тракторларды қоспағанда, доңғалақты тракторларды бөлінген қаржының қайтарылуын қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизингке берудің схемасы бойынша ұсыныс

әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

5. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 25 ақпандағы
N 302 қаулысына
қосымша

"Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамында
"Беларус" тракторларын сату және құрастыру
жөніндегі жұмыстың
БАҒДАРЛАМАСЫ

1. 10 жылдық мерзімге Лицензиялық келісім ("Қазақстантрактор" ААҚ-ның базасында "Беларус" тракторларын шығаруды ұйымдастыру туралы) мен Лицензиялық шарт (тауар белгісіне) жасалсын.

Мерзімі - 2000 жылдың ақпаны.

2. Заңдарда белгіленген тәртіппен 2000-2002 жылдары Қазақстан Республикасына 1608 трактор мен 1392 трактор жиынтықтарын беруге келісімшарт жасалсын, оның ішінде:

Жыл Тракторлардың Трактор жиынтықтарының "Минск трактор заводы"
 саны, дана саны, дана ӨБ арналған трактор
 жиынтықтарын жинақтау
 проценті,%

2000	808	96 (сәуір)	100
		96 (тамыз)	95

2001	500	500	80
------	-----	-----	----

Жиыны: Тракторлар - 1608 дана

Трактор жиынтықтары - 1392 дана

Берулер 2000 жылы "Белресурсы" концерні арқылы жүргізіледі

3. "Минск трактор заводы" ӨБ техникалық құжаттаманы "Қазақстантрактор" ААҚ-на береді:

3.1. құрсауға, арбаларға (1 данадан), құрастыруды бабына келтірудің технологиялық процесіне, жүргізіп баптауға.

Мерзімі - 2000 жылдың 27 қаңтары.

3.2. құрастыруды ұйымдастыруға арналған техникалық құжаттаманы - Лицензиялық келісімге қол қойылған күннен бастап 5 күннің ішінде.

3.3. бөлшектерді шығаруды игеруге арналған техникалық құжаттаманы - Лицензиялық келісім бойынша алғашқы төлемді орындағаннан кейін.

4. "Қазақстантрактор" ААҚ тракторларды құрастыруды жүзеге асыру үшін қажетті жабдықтарды, құралдарды әзірлейді.

Мерзімі - 2000 жылдың сәуірі.

5. "Қазақстантрактор" ААҚ МТЗ-80/82 тракторын құрастыру үшін конструктивтік құжаттамаларды әзірлейді және жұмыс істеп тұрған конвейерді дайындауды жүзеге асырады.

Мерзімі - 2000 жылдың сәуірі.

6. "Қазақстантрактор" ААҚ тракторлардың түрлі жүйелерін тексеру үшін сынақ стендтерін дайындайды.

Мерзімі - 2000 жылдың мамыры.

7. Трактор жиынтықтарын беруді "Қазақстантрактор" ААҚ-ның тракторларды құрастыруға дайын екендігі туралы жазбаша растауы бойынша "Минск трактор заводы" ӨБ жүзеге асырады.

8. "Минск трактор заводы" ӨБ алғашқы 10 тракторды құрастыруға көмек көрсету және қызметшілерді үйрету үшін техникалық мамандарды іссапарға жібереді. Мамандардың шығыстарын төлеу жеке шарт бойынша қабылдайтын жақтың есебінен жүзеге асырылады.

Мерзімі - "Қазақстантрактор" ААҚ-ның шақыруы бойынша.

9. "Қазақстантрактор" ААҚ "МТЗ" ӨБ-мен келісім бойынша Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Алтай өлкесінің, Ресей Федерациясының

Новосибирск, Омск облыстарының аумақтарында, сондай-ақ ҚХР мен Үндіқытай елдерінің "МТЗ" ӨБ өнімдеріне сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз ете отырып, делдалдық желі ұйымдастырады.

10. "Қазақстантрактор" ААҚ 2000 жылдың қыркүйек-қазан айларында

Беларусь және Қазақстан Республикаларының ресми тұлғаларын шақыра отырып, МТЗ - 80/82 тракторларын құрастыру өндірісінің ресми ашылуын жоспарлап отыр.

11. 2000 жылдың жұмыс қорытындылары бойынша "Минск трактор заводы" ӨБ бірлескен доңғалақты тракторлар өндірісі жөніндегі АҚ немесе БК құру туралы мәселе қарайды.

Мерзімі - 2000-2001 жылдар.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.